

**Астана қаласы әкімдігінің
«Қалалық фтизиопульмонологиялық орталығы» ШЖҚ МКК**

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын
сақтау мәселелері бойынша ұйым қызметкерлері үшін тоқсан сайынғы
түсіндіру және оқыту іс-шарасын өткізу
Х А Т Т А М А**

Астана қ.

№ 4

2025 ж. 22 желтоқсан

Өтетін орны: *Астана қаласы, А-1 көшесі, 5 ғимарат, 1 қабат,
мәжіліс залы*

Өткізу уақыты: 15 сағат 00 минут

Төрағалық етті: медициналық қызметтер сапасын бақылау
жөніндегі директордың орынбасары Ж.С.Даугарина

Түсіндіру жұмысты өткізді: кәсіпорынның комплаенс-офицері
А. С. Қайырбекова

Қатысты: *тізім бойынша*

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық фтизиопульмонологиялық орталығы» ШЖҚ МКК Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартымен танысу туралы

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Қайырбекова А.С. - комплаенс-офицер

Қызметкерлер Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық фтизиопульмонологиялық орталығы» ШЖҚ МКК Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартымен танысу туралы (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт) мақсаттары мен міндеттерімен танысты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мынадай бағыттары жеке түсіндірілді:

- 1) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін картаға түсіру;
- 2) мүдделер қақтығысының алдын алу;
- 3) қаржылық бақылау шаралары;
- 4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;

- 5) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың есептілігі мен ашықтығы;
- 6) персоналды басқару процестерінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу;
- 7) мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу;
- 8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін (көрсеткен) адамдарды қорғау.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы сақтамағаны үшін жауапкершілік туралы хабардар етілді, ҚР Әкімшілік кодексінің (ӘҚБтК) 676-бабына сәйкес кез келген сыйлықтар, жеңілдіктер мен қызметтер заңсыз материалдық сыйақы (пара) болып саналатыны, ҚР Қылмыстық кодексінің 366 және 367-баптарына сәйкес пара алғаны және бергені үшін жаза туралы ескертілді.

Түсіндіру жұмысы шеңберінде Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық фтизиопульмонологиялық орталығы» ШЖҚ МКК-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың негізгі бағыттары айтылды, ұжымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және ұжымның және әрбір қызметкердің сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділігі қажеттігі атап өтілді.

Семинар-кеңестің қорытындысы бойынша шешім қабылданды:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнаманың талаптарын адал сақтау.
2. Семинар-кеңесте айтылған ақпаратты барлық қызметкерлердің назарына жеткізу.
3. Ұжым арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға белсенді қатысу.
4. Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділікті қамтамасыз ету.
5. Сыбайлас жемқорлық сипатының кез келген көріністері немесе ұжым арасындағы мүдделер қақтығысы туралы дереу хабарлау.

**Төрағалық етті
медициналық қызметтер
сапасын бақылау жөніндегі
директордың орынбасары**

 **Ж.С.Даугарина**

**Комплаенс-офицер
семинар-кеңес хатшысы**

 **А.С. Қайырбекова**